

OZEN

“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ
№1 (83) ҚАҢТАР 2023 ЖЫЛ



**КОМПАНИЯНЫҢ БАЙЛЫҒЫ
МҰНАЙ ЕМЕС МҰНАЙШЫ!**

OZEN

“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:

«Өзенмұнайгаз» АҚ
№1 (83) қаңтар 2023 жыл

Журнал ҚР Ақпарат және
коммуникация министрлігінде
есепке алынып, №16077-Г куәлігі
берілген.

ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ:

Жұртшылық және мемлекеттік
органдармен байланыс бөлімі

БАС РЕДАКТОР:

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

ШОЛУШЫ:

Арғын БИСЕНОВ

ТІЛШІЛЕР:

Жазира АҚБЕРГЕН
Айман МАДРЕЙМОВА
Талғат САТЫБАЛДЫ

ФОТОГРАФ:

Қуанышбек ТЕКЕБАЕВ

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН ЖАЙЫ:

ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,
426-кабинет, 8 /72934/ 63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.
Журнал материалдарын
көшіріп басуға редакция
рұқсаты қажет

Журнал «АТИС» ЖШС
баспаханасында басылды

БІЗГЕ ЖАЗЫЛ:

FACEBOOK



TELEGRAM



INSTAGRAM



TIKTOK





ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ШЕШІМІМЕН ЖАҢА БАС ДИРЕКТОР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Компания акт залында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев пен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігінің атқарушы директоры Есен Өтеев еңбек ұжымына жаңа бас директорды таныстырды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесі шешімімен бас директор лауазымына Қилыбай Нұрдаулет Игілікұлы тағайындалды.

Құрманғазы Орынғазыұлы Мақсат Ибағаровқа алғыс айтып, жаңа жұмыс орнына табыс тіледі.

Бас директордың еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орын-

басары Өсербай Тұрсабеков пен Бұрғылау жұмыстары басқармасы Әлеуметтік әкімшілік қамту бөлімі басшысы Шабдол Өткілов сөз сөйлеп, Мақсат Оңғарбайұлына еңбек ұжымы атынан жылы лебізін білдірді.

2018 жылдан бері Нұрдаулет Игілікұлы Ақтау қаласы әкімі және Маңғыстау облысы әкімі орынбасары болып жұмыс істеді.



№3 СҚКБ ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ МЕН БАС АМАНДЫҒЫНА САДАҚА БЕРДІ

Қасиетті жұмада №3 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы еңбек ұжымы бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, ел тыныштығы мен бас амандығына садақа берді.

Аталған шараға басқарма зейнеткерлері қатысып, жүрекжарды тілегін жеткізіп, басшыларға ұжымның ұйытқысы болып, өздері еңбек еткен мекеме бірлі-

гін сақтап, кейінгі буынға адал аманаттауын тапсырды.

Компания бас директоры Нұрдәулет Қилыбай, халық емшісі Қаламқас садақа сауабы туралы тереңнен әңгіме өрбітіп, ата-дәстүр ұстанған ел несібесінің мол болатынына тоқталып өтті.

– Бабалардан қалған «Көрген сайын «сіз» десіп, Сыйласқанға не жетсін. Ша-





КОМПАНИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

шылғанды бірлесіп, Жинасқанға не жетсін» деген жақсы сөз бар. Ауызбіршілік пен тәртіптің алмайтын қамалы жоқ. Ел экономикасының күретамыры саналатын «қара алтынның» әрбір тамшысы білікті де жігерлі мұнайшы ұжымы еңбегімен игеріліп жатқанын жақсы білеміз. Алдағы уақытта етене жақын араласып, ел игілігі үшін бірігіп жұмыс істейтін боламыз. Садақа қабыл болғай! – деді Нұрдәулет Игілікұлы.

Өз кезегінде бас директордың еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орынбасары Өсербай Тұрсабеков:

– Дана қазақ «Бірлігі бар елдің берекесі бар» екенін айтады. Расында да ортақ қазаннан ас ішіп отырған ұжым тату болса, көсегесі көгеріп, дәулеті артады. Елге адал қызмет ете жүріп, биіктен көріне берейік. Беріп жатқан садақамызды Алла қабыл еткей! – деді.



МҰНАЙШЫЛАР ОМАР ЖӘЛЕЛМЕН КЕЗДЕСТІ


№3 СҚКБ еңбек ұжымы Алты Алаштың биі Омар Жәлелді арнайы шақыртып, бойға қуат, ойға тамызық болар кездесу ұйымдастырды.

– Бүгінде айнала толған өміріне көңілі толмай, күңкілдеушілер көбейген заман болды. Олар құдайдың ауа-райына да шағымданады. Шағымымен тумаластарының, әріптестерінің, отбасының берекесін алады. Қазақ «Денсаулық зор байлық» дейді. 12 мүшең сау болса, кедеймін деп айтуға еш қақың жоқ. Енді адамдардың неге күңкілдей беретініне талдау жасап көрейік. Олар құдайдың бергенін білмейді. Өкпе, реніш көбейіп кетті. Жұмыс бар, тәуір жалақы бар, отбасы бар, баспана бар, мәшине бар. Әйтсе де, көңіл тоқ емес, Жүрек тыныш емес, жанда маза жоқ, Енді қайттік?! Шәкәрім деген әулие «Болмасқа, Толмасқа Мақсұтты салма!» – дейді. Пайдасы жоқ затқа босына энергия жұмсама деп тұр. Қазір жанталасып жүрген пендеге көз сүрінеді. Бар уақытымызды дүния жинауға жіберіп жатырмыз. Енді өлетін уақыт келгенде дүниеге байланған жан шырылдап, тәннен шыққысы келмейді. Біз банкротпыз. Себебі арғы дүниеге жинаған азығымыз жоқ. Ыдысымыз бос. Шал ақын «Дүние деген шо-

лақ депті, Жан денеге қонақ депті. Ақырет деген бір киім, Алып қайтар сол-ақ депті» дейді. Қандай керемет сөз! Ажал келгенде сенің дүниең сені лақтырып кетеді. Дүниеге қатын, бала-шаға, жұмысың, мәшинең жатады. Біз баянсыз дүниемен дос болып жүрміз. Түбі жоқ шелекті толтырамыз деп әуреміз. Түбі жоқ зат қайдан толсын. Түбі Аллаға қайтатын болғасын, құбылаға бет түзеп, баянды бағытқа бой түзесек керемет болар еді. Байқасаңыз намаз оқитын ата-әжелеріміздің жүзінен нұр төгіліп, дүние қызығына беріліп кеткен үлкендеріміз мыж-тыж болып қалады...», – деп рухани әңгіме өрбіткен кеш қонағы өзін ұйып тыңдап, өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, қошемет-құрмет көрсеткен №3 СҚКБ мұнайшыларына шексіз алғысын білдірді.




**“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ БОЙЫНША
2023 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНА
КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ**



МҰНАЙ ӨНДІРУ:

**ЖОСПАР 452 228
НАҚТЫ 434 200
АУЫТҚУ -18 028**




**ГАЗ КОНДЕНСАТЫН
ӨНДІРУ:**

**ЖОСПАР 338
НАҚТЫ 395
АУЫТҚУ 57**

МҰНАЙ ТАПСЫРУ:

**ЖОСПАР 451 330
НАҚТЫ 429 478
АУЫТҚУ -21 852**





ЖАҢАӨЗЕННІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНА «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

1. МӘДЕНИЕТ



"Bolashaq sarayi" 2023 жылы құрылысы басталып, пайдалануға беруді жоспарланып отырған жобаның құны:

8,2 МЛРД ТЕҢГЕ



Оқушылар шығармашылық үйінің күрделі жөндеу жұмыстары 2022 жылы жүзеге асырылып, толық жаңартудан кейін жыл соңында қолданысқа берілді. ӨМГ инвестор тартқан жоба құны:

1 МЛРД ТЕҢГЕ



"Арбат" кеңістігі құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталып, 2023 жылы пайдалануға берілген жобаның құны:

350 МЛН ТЕҢГЕ



2. БІЛІМ



Білім-инновация лицейі 2015 жылы ашылып, № 9 мектеп ғимаратының бір бөлігінде орналасқан болатын. 2019 жылы білім ордасына ескі бизнес-инкуватор ғимараты берілді. 2020 жылы ӨМГ күрделі жөндеу жұмыстарына:

350 МЛН ТЕҢГЕ

Қажетті құрал-жабдықтар, информатика кабинетін толық жабдықтап, заманауи iMac компьютерін алуға:

50 МЛН ТЕҢГЕ



Еліміздің үздік инновациялық мектебінде математика, сын және ойлау кеңістігі бойынша өткен тестке қаламыздан қатысқан **858 үміткер** ішінен **50 оқушы** оза шауып, «Iqanat High School of Burabay» мектеп-пансионатында білім алу мүмкіндігіне ие болды.



Жаңаөзендегі білім сапасын жақсарту мақсатында "Nur Orda" білім қорымен 6 мектеп келісім-шарт жасақтап, "Білім инновация лицейі" мектептерінің білім беру, тәрбие жұмыстарының әдістемесін енгізу мақсатында 5 жылдық жоба құны:

687 МЛН ТЕҢГЕ



"Samruk-Kazyna Trust" қорымен бірлесіп, ӨМГ Жаңаөзен қаласындағы 3 мектептің материалдық техникалық базасын толық жаңартуға, 1756 дана парта жиынтық:

154 МЛН ТЕҢГЕ

Оқушылардың зейін-білімін дамытуға 12 дана интерактивті панельдермен қамтуға бөлінген сома:

14 МЛН ТЕҢГЕ





НҰРҒАЛИ МОЛЖІГІТОВ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Өмірде жаныңды жылытып, көңіліңді жайландыратын ерекше адам болады. Кейіпкеріміз Нұрғали Молжігітов осындай адам. Істейтін ісіне барлық күш-қайратын салатын Нұрғали сынды көп білетін, қолынан көп нәрсе келетін таптырмас маман – компания қазынасы.

1959 жылы Түрікменстанның Мары облысы, Равнина поселкесінде қарапайым отбасында өмірге келді. Совет Одағы кезінде жоғары оқу орнына түсу оңай емес болатын. 1978 жылы мектепті бітірген Нұрғалидың бағы жанып, өзі армандаған оқуы орнына түсіп, оны 1983 жылы ойдағыдай тәмамдап шығады.

1983 жылы еңбек жолын жолдамамен Мары барлау бұрғылау басқармасында слесарь-жөндеуші, бұрғылау жабдықтары шебері болып қызмет атқарудан бастады.

Атамекен Маңғыстауға 1984 жылы ат басын бұрады. «Көздерінде от ойнар, Сөздерінде жалын бар», – Мағжан ақын жырлағандай, дипломы, күш-қуаты мен жұмысқа деген ынтасы зор жалынды жасты «Өзенмұнайгаз» басқармасы құшақ жая қарсы алады. «Жас келсе іске» демекші, біліммен қаруланған жас маман жұмысқа жан-тәнімен кіріседі.

Мұнай саласындағы сан жылдар Нұрғали Нұрлыбайұлын білікті де білімді, тәжірибесі мол майталман маманға айналдырды. Өзіне сеніп тапсырылған кез келген қызметті ұршықша иіріп әкететін бағалы маман дәрежесіне дейін көтерілді.

Тұлғаның үлкен бір қасиеті – қарапайымдық. Біз сөз етіп отырған қарапайым азамат өнегелі еңбегімен, тындырымды ісімен, парасатты мінезімен



әріптестер арасында үлкен беделге ие.

Адал еңбек, төгілген тер, табандылық пен жанашырлық текке кеткен жоқ. Ол небір жауапты да, лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, басшылық және мұнайшылар сеніміне ие бола білді.

Атап айтсақ, Нұрғали Нұрлыбайұлы Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету, Мұнай өнеркәсібі құралдарын және телекоммуникацияларды жөндеу және Өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармаларында, сондай-ақ Корпоративті оқу орталығында директор болып жемісті еңбек етіп, компания дамуына өлшеусіз үлес қосты. Басшы лауазымына жан-жақтан, жоғары-төменнен қойылатын талап та, сын да, жауапкершілік те орасан зор және ауыр екені баршамызға белгілі.

Өндірісте күні-түні ұйқы көрмей еңбек еткен Нұрғалидың маңдай тер, табан ақысының қарымтасы ретінде «Өзен мұнай кен орны игерілуіне 40 жыл», «Жаңаөзен қаласына 40 жыл», «Өзенмұнайгаз» АҚ-на 50 жыл», «Өзен-МұнайГаз» жұмысшылары жергілікті кәсіподағы», «Қызылсай ауылына 60 жыл», «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерекелік медальдары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Құрмет» орденімен марапатталды.

Жан-жақты азамат осыдан бірнеше

жыл бұрын үздік өнертапқыштық ұсынысқа арналған конкурсқа қатысып, жеңімпаз атанды. Оның өндіріске енгізген өнертапқыштық ұсынысы күні бүгінге дейін өзінің тиімділігін дәлелдеп келеді.

«Көрінген таудың алыстығы жоқ» демекші, ел мен жерге қалтқысыз еңбек сіңірудің жарқын үлгісін көрсете білген азаматтың құрметті еңбек демалысына кететін уақыты да жақындап қалыпты...

Бүгінде асыл жары Сәулемен бір шаңырақ астында тату-тәтті тірлік кешіп, Әділет, Ерлан, Көркем атты тәртіпті де тәрбиелі ұл-қыз өсіріп, немере-жиен сүйіп отырған бақытты жанға қызыға да қызғана қарауға әбден болады.

Өзен кен орны өркендеуіне зор еңбек сіңірген Нұрғали Нұрлыбайұлы сияқты жақсымен әріптес болу – біз үшін үлкен мәртебе, зор құрмет.

Өмірі мұнай саласымен бітеқайнасып, өндірістің суығына төзіп, ыстығына күйе білген нар тұлғалы азаматқа мың да бір алғыс айтамыз.





ИБАЛЫ КЕЛІН, АДАЛ ЖАР, АРДАҚТЫ ӘЖЕ

№3 Мұнай газ өндіру басқармасы әлеуметтік-әкімшілік қамту бөлімі басшысы Шалқар Нұрлыбаева 1965 жылы Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданында қарапайым отбасында дүниеге келді. 1971 жылы әкесі Сисенбай ата қонысы Маңғыстауға қоныс аударып, көп ұзамай өмірден өтеді. Анасы Шәкібай қиындыққа мойымай он баланы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай, қатарынан қалдырмай өсіріп жетілдіреді.

1983 жылы мақала кейіпкері белгілі мұғалім Нұрберген Кемалиевтің отбасына келін болып түседі. Шалқардай ибалы жанға Бекболаттай азаматқа жар болу бақыты бұйырады. Жас келін отбасыдағы үлкен енесінен көп тәрбие алып, 16 жыл бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүреді. Ата-енесі 2000 жылы еншісін беріп, өз алдына бөлек отау тігеді.

Ерлі-зайыптылар Алла берген бірнеше баланың әке-шешесі атанып, оларды тәрбиелеп, оқытып-тоқытып заман талабына сай білімді де білікті, тәрбиелі азамат болып өсуіне бар күш-жігерін жұмсайды.

Ер-азамат ошақтың қамына бола тумайтыны бесенеден белгілі. Белгілі мұнайшы Бекболат Нұрлыбаев өндірісті «жартылай әскери жұмыс», деп атап, өзгелерден жұмыста тиянақтылық пен қатаң тәртіпті талап етуші еді. Өндірісте төтенше жағдай орын алса, қайран азамат отбасына көңіл бөлуге мұршасы болмай бір-екі күн сол жұмыстың басы-қасында болып, бәрі реттелгенше үйге келмейтін. Шаңырағында оны көзі жәутеңдеп жары мен балалары сағы-



нып, күтіп отырушы еді. Жұмыста қатал басшы болғанымен керемет балажан болатын. Отбасыда адал жар, үлгілі әке, қамқор ата бола білді.

Шаңырақтың берекесі мен шырайын кіргізіп, азаматының үйін үй, күйін күй ете білген Шалқар Нұрлыбаева 1995 жылы «Узеньнефт» мекемесіне орналасып, сол жылдан бері мұнай саласында жемісті еңбек етіп келеді. 2005 жылдан 2010 жылға дейін №3 МГӨБ кәсіподақ төрайымы қызметінде болып, 2008 жылдан бері Әлеуметтік-әкімшілік қамту бөлімі басшысы қызметін абыроймен атқарып келеді. Өз ісін сүйіспеншілікпен атқаратын тәжірибелі маман әр мұнайшыға жылы қабақ танытып, тіл табысып, барынша қолдау көрсетеді.

Қазақтың ұлттық тағамдарына жететін ас жоқ деп ойлайтын ол жылқы, түйе етін сүрлеп, баппен кептіріп, ерекше ынтамен қазы айналдырып, үйге келген құтты қонақтарға шынайы ниетпен ұсынады. Жатса да, тұрса да балаларының тілеуін тілеп отырған бақытты жан, Аллаға сансыз шүкіршілік айтып отырады.

– Мен келін болып түскен Кемалиевтер әулеті өте үлкен отбасы болды. Өндіріс жұмысының қаншалықты қиын екенін жақсы түсінген екі енем немерелерін өз балаларынан кем көрмей мәпелеп өсірді. Еркелетті. Отбасыдағы өзара сыйластық пен түсіністік шаңырақты құт пен берекенің, бақыт пен қуаныш-шаттықтың ордасына айналдырды.

Түсінгенім, ең бастысы жұптасқан

жандардың жарасымы. Екі жан бір-бірін тапса, бала ешкімге жүк емес. Өседі де кетеді, – дейді Шалқар.

Ол қызметте мұнайшы қамын ойлайтын майталман маман болса, үйде бала-келіндері мен немерелер ортасында ардақты әже.

«Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар», – деп хакім Абай айтпақшы, Шалқар бос уақытында мағыналы да мәнді ән тыңдағанды ұнатады.

Күлпаш апаның үш ұлы мен келіндері туралы «Келінжан» хикаясының әр сериясын жібермей көріп жүрген ол «қазақ ауылының қарапайым бір отбасының ене мен келін арасындағы байланысты шебер көрсете білгендігін», айтады.

Парасатты жан «Алланың бергенін адам тартып ала алмайды» деген нақылын жиі пайдаланады екен. Ұл-қыздары Астана қаласында тұратындықтан Шалқар еңбек демалысында қанат байлап баларынан қарай ұшқысы келіп тұрады. Өмірдегі баға жетпес қазынасы балаларымен бас қосып, мауқын басуға асығып жүреді.

Шалқар бақилық болған отағасын сағынады, жиі ойлайды. 1995 жылы «Узеньнефт» мекемесінен жолдама алып, Бекболат екеуінің Пятигорскіге курортқа барғаны әлі есінде. Сол жылы «Бірінші шешен соғысы» болып жатыр еді. Бұ-



ЕҢБЕК АДАМЫ

лар мінген ұшақ діттеген жеріне қона алмай, әуеде қалықтап Ақтауға қайта ұшып келеді. Аман-есен ауылға жеттік деп қуанып ұшақтан түскен оларды аэропорттан мұқым әскер күтіп алады. Үрейленген жарын Бекболат жұбатып, қолдау көрсетіп, қамқорлық танытады.

Халқымен бірге тер төгіп, бірге тыныстаған азаматынан пандемия кезінде қапияда айырылып қалған жан көкірегінен ел көшкендей құлазып қалды.

Бүгінде азаматын ойлағанда Шалқардың көңілін әлдебір сағыныш кернейді, әйтсе де, көпті көрген ол қиын кезде құдайдан төзім тілеп, қайғысын сабырға жеңдіре білді.

Талайдың жүзіне қан жүгіртіп, ізіне шаң жүгіртіп, өзегіне нәр бойлатқан Өзен кен орны дамуына сүбелі үлес қосып, маңдай тер төгіп, ерен еңбек еткен азаматтың есімі компания тарихына алтын әріппен жазылатыны сөзсіз.



ЖҮРГІЗУШІ БОЛУ ОҢАЙ ЕМЕС...

Абибулла Дүйсенбаев Технологиялық транспорт басқармасының №2 автотізбегінде 5-дәрежелі автокөлік жүргізуші болып жұмыс істейді. Мұнай саласында 40 жылдам астам тер төгіп, ерен еңбек етіп келе жатқан азаматтың бауырлары да мұнайшы мамандығын таңдаған.

Жас маманға алғаш басқармаға келген кезде кәсіптің қыр-сырын үйреткен тәлімгері Алпамыс Айдаров бүгінде 84 жасын толтырған. Абибулла ақсақалмен хабарласып, араласып тұрады.

– Жүргізуші болу оңай емес. Тек өзіміздің ғана емес, жолаушылардың да өміріне жауап береміз. Күнде таңертең күнмен таласа сағат 5-те тұрып, кешкі 21.00-де үйге қайтамыз, – дейді тәжірибелі маман.

Бүгінде облыс орталығына қоныс аударған жігіт ағасы жұмыстан тыс уақытында бау-бақшамен айналысады. Жаны ләззат алатын, өзі өсірген жеміс-жидектерін көргенде балаша қуанады.

Жүрегі мен жаны тынышталады. Теңіз жағалауында немерелерімен серуендегінде ұнетатын – Абибулла жұмысына да, өміріне де дән риза. Құдайбергеновтер дуэтінің әндерін тыңдағанды ұнататын Абибулланың сүйікті актері Асанәлі Әшімов, сүйіп көретін киносы «Қыз Жібек» фильмі.

Темір тұлпарды тізгіндеген жұмыскеріміз жыл өткен сайын мұнайшылардың әлеуметтік жағдайының күннен-күнге жақсарып жатқанын және 90 жылдардағы тоқырауға куә болғанын айтты. Замандастарымыз бүгінгі күнге шүкіршілік айтуы керек. Себебі қазір не ішем, не жеймін деген ойдан ада.

Кейіпкеріміз еңбек демалысында «Жаңақорған», «Сарыағаш» шипажайларына барып, денсаулығын нығайтып қайтады. Зайыбы Айгүл №5 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында жұмыс істеп, ел ырысын еселеуге өзіндік септігін тигізіп жүр.



ЖАҢАӨЗЕННІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНА «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

3. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



"Өзенмұнайгаз" АҚ бастамасымен 2021 жылы наурызда ашылған "Балақай" оңалту орталығында жылына 500-ден астам ем қабылдауда. Рахмет Өтесінов атындағы кешенде орналасқан орталықтың құрылыс жұмыстары мен қажетті құрал-жабдықпен қамтуға бөлінген сома:

96 МЛН ТЕҢГЕ



2017 жылы Жаңаөзен-Теңге темір-жол өткелінде тепловоз бен жолаушылар көлігінің апаты нәтижесінде 9 адам ажал құшып, қалғандары әртүрлі деңгейдегі дене жарақатын алған болатын. Аталған апатта қос аяғынан айырылған Динара Тынымбаеваны ӨМГ өз қамқорлығына алып, еліміздің, шет елдердегі мықты клиникаларда емделуіне жағдай жасады. Ресей, Германия, Швейцарияда **6 операция** жасалып, "Отто БОК" клиникасында протездеуге бөлінген сома:

16,5 МЛН ТЕҢГЕ



"Алға" мүгедектер спорт клубы 1993 жылы негізі қаланған. 2021 жылы қаламыздағы №19 орта мектеп жанынан ангар типтес спорт кешенін салу туралы шешім қабылданды. Екі қабатты нысанда мүмкіндігі шектеулі жандардың

спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалып, арнайы лифт қойылған. Клубта спорттың барлық түрімен айналысуға толық жағдай жасалған. Жоба құны:

423 МЛН ТЕҢГЕ

20 000 000 000 ТЕҢГЕ

ЖАҢАӨЗЕННІҢ КЕШЕНДІ ДАМУЫНА ЖОСПАРЛАНҒАН ҚАРЖЫ КӨЛЕМІ

2022 жылы пайдалануға берілген көпбейінді медициналық орталық 2 гектар жерде 4 қабаттан тұрады. Жаңаөзендіктер күрделі ота ендігі осы ғимаратты жасалатын болады. Аурухананың материалдық-техникалық

базасы толықтай шетелдік құрал-жабдықтармен жаңартылды. Жобаның жүзеге асуына Самұрық-Қазына мен ӨМГ мұрындық болды. Жоба құны:

8 МЛРД ТЕҢГЕ





«МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» ФИЛЬМІН ҰНАТАТЫН НАЗГҮЛ



Назгүл Ратова ӨЭМБ Кадр бөлімі басшысы. Ол 1966 жылдың қарашаның 18-де Ұштаған ауылында қарапайым шаңырақта дүниеге есігін ашты. Әкесі Қойшы Ратов жұмысшы, анасы Ермек Саймағанбетова мұғалім болып қызмет атқарды. Көп балалы отбасыда тәрбиеленген Назгүл 1973 жылы В.И.Ленин атындағы орта мектеп табалдырығын аттап, 1983 жылы тәмамдады.

Жаңаөзен мұнай техникумына оқуға түскен Назгүл Қойшықызы 1983 жылы Өзенэнергомұнай басқармасына электрмәшинелері элементтерін ораушы болып жұмысқа орналасады. Содан бері осы басқармада тапжылмай 40 жыл еңбек етті. 1993 жылдан бастап мамандар бөлімінде елеулі еңбек етуде.

– Қиын әрі қауіпті, үлкен жауапкершілік арқалайтын энергетика саласында жұмыс істейтінімді, өз саласының шебері, майталман әріптестеріммен мақтанамын. Еңбек майданы сарбаздары, өндірістің жүгін көтеріп жүрген елім деген азаматтар аман болсын, – дейді Назгүл Ратова.

Еткен еңбек пен төгілген тер босына кетпесі анық. Басқарма директоры атынан "Үздік бөлім бастығы" номинациясымен марапатталған Назгүлді әріптестері еңбекқор, білікті, білімді, тәжірибелі, адал, жанашыр, тәртіпті маман деп біледі. Сондай-ақ Қазақ мұнайының 120 жылдық, Өзен кен орнының 55 жылдық мерекелеріне орай өндірісті дамытуда сіңірген еңбегі үшін "Өзенэнергомұнай"

Құрмет грамотасымен, "Өзенмұнайгаз" кәсіподақ ұйымы атынан ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелік төс белгісі тапсырылды.

Отағасы №5 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында жүргізуші болып қызмет атқарады. Қылықты қыздарының бірі бір елдің түтінін түтетсе, енді бір ибалы келін атанып отыр. Балакеліні де мұнай саласының өркендеуіне өзіндік үлес қосып келеді. Құдай берген немере-жиендері балдай тәтті қылықтарымен қуантып, өсіп келеді.

Жұмыстан тыс уақытында гүл өсірумен айналысатын Назгүл үй ішінің ырыс-несібесін, бақ-дәулетін асырып отырған аяулы жан.

– Еңбек демалысымда жақындарыммен саяхаттағанды, еліміздің әдемі жерлерін автокөлікпен круиз жасағанды ұнатамын. «Менің атым... Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін», деп басталатын «Менің атым Қожа» Бердібек Соқпақбаевтың кітабының желісі бойынша түсірілген фильмді жақсы көремін. Өйткені Қожабергеннің бойында адамшылық мінез бар, – дейді Назгүл Қойшықызы.

Өзен кен орны гүлденуіне зор үлес қосып, еңбек ұжымы құрметіне ие болған Назгүл Ратоваға қосағымен ыңшыңсыз, тату-тәтті өмір сүріп, жалғаннан жамандық көрмей, берекелі ғұмыр кешсін деген тілек айтамыз.

“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ МҰНАЙШЫЛАРЫ 2022 ЖЫЛЫ “БАЛАҚАЙ” ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНА ЕРІКТІ ТҮРДЕ АУДАРҒАН СОМА КӨРСЕТКІШІ

БА	4 603 890 теңге
№2 МГӨБ	4 412 000 теңге
№3 МГӨБ	4 273 120 теңге
№1 СҚКБ	3 828 900 теңге
№4 МГӨБ	3 539 200 теңге
№1 МГӨБ	3 455 680 теңге
№5 СҚКБ	3 192 500 теңге
МДжӨҚКБ	3 190 850 теңге
№2 СҚКБ	2 594 300 теңге
ТТБ	2 445 406 теңге
АжТБ	2 444 100 теңге
№3 СҚКБ	2 193 204 теңге
ӨЭМБ	2 089 806 теңге
ХжЭБ	1 779 946 теңге
БЖБ	1 369 000 теңге
МӨҚжТЖБ	1 247 300 теңге
ӨТҚжЖЖБ	636 800 теңге
КОО	195 700 теңге

«Балақайда» оңалту орталығында ой-өрісі дамуы тежелген, сал ауруы, аутизм, гемипарез, түрлі неврология ауруына шалдыққан 1 жастан 16 жасқа дейінгі балаларға ем жүргізіледі. Қала бойынша неврология ауруымен ауыратын 1000-нан астам бала болса, орталыққа 600-дей бала тіркелген. Орталықта невролог дәрігер, емдік дене шынықтыру маманы, массажшы, логопед, психолог, медбике, эрготерапевт, физиомедбике, әкімші және тазалық мамандары, барлығы 20 адам қызмет етеді. Мұнда тіркелген балалар жылына кем дегенде екі рет ем алады. Балада ілгерілеу байқалған жағдайда мамандардың өзара ақылдасуымен жылына үш рет шақырылады. Аяққа тұрып, тілі шыққан балаларға ем жалғаса береді. Бүгінгі күні оңалту орталығында 28 бала аяғына тұрып, 15 баланың тілі шықты. Белін, мойнын ұстай алмай, отыра алмаған балапандар емнен кейін денесін ұстап, отырып, еңбектеп, орнынан тұрып, аяқты ұшымен басып, жүріп кеткен, дыбыс шығарып, әріптерді анық айтып, қолға қасық, ойыншықты қысып ұстап, аяқ киімінің бауын байлауды үйренген, түс ажырата бастаған.

Мұнайшылар демеушілігінің арқасында орталық жұмысы жүйелі түрде тұрақты жұмыс істеп келеді. Ай сайын отыздан астам баланың сауабы тек қана дәрігерлерге ғана емес, осы істі ұйымдастырушыларға, қаржылай қолдаушыларға тиеді деп білемін. Оңалту шарасы – сырқаты бар балаларды өмірге бейімдеуде өте маңызды. Қамкөңіл балаларға берілген мүмкіндік үшін мың алғыс, – дейді Фатима Кенғанова, орталық директоры әрі невролог дәрігер.



МАНДАЙҒА СЫЙМАЙ КЕТКЕН, ҚАЙРАН БОЗДАК...

«Айдынды жақсы аймен тең, жомарт жігіт баймен тең» демекші, жан-жағына жақсылық шарапатын төгіп, білікті маман, өз ісінің хас шебері, адал жар, аяулы әке Ербол Көбегеннің өмірі-жастарға үлгі боларлықтай, қатары қызығарлықтай мазмұнды болды.

Ербол Ақмұратұлы 1977 жылдың 24 тамызында Түрікменстанның Небит-Даг қаласында дүниеге келген. Ерболмен тай-құлындай тебісіп, бастауыш класта бірге оқып, балалықтың бал шырынын бірге татқан Жұртшылық және мемлекеттік органдармен байланыс бөлімі басшысы Әділ Сүйебай «мектепте мұғалімдер алғыр да зейінді Ербол туралы «келешекте бір жерді тесіп шығатын бала» деп болашағынан үлкен үміт күтуші еді. Айтқандай-ақ, Ербол белестерді бағындырып, қатарынан оқ бойы озық жүрді, – деп сағынышпен еске алады.

Жастайынан алғыр, ширақ кейіпкеріміз Жаңаөзен қаласындағы Төлесін Әлиев атындағы орта мектепте 1994 жылы бітірген жас түлек арман қуып

Ақтау қаласына аттанады. Мектепте зеректігімен танылған жас Ақтау қаласында Шахмардан Есенов атындағы университетті мұнай-газ құрылғыларын жобалау және пайдалану мамандығы бойынша тәмамдап шығады.

Спортқа әуес болып өскен жігіт есейе келе баскетбол спортымен кәсіби тұрғыда шұғылданады. Маңғыстау облысының "Каспий" баскетбол командасының құрамында Қазақстан біріншілігіне, бірнеше халықаралық жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болады. 1999 жылы қолына дипломын алған жас маман спорттан қол үзбей, мәртебелі мұнайшы мамандығымен қатар алып жүреді.

– Ерболды мектептен танымын. Балалық шағымыз бірге өтті. Кейін бірге оқуға түстік. Сырлас әрі адал дос ретінде Ерболдың менің өмірімде алатын орны ерекше, – дейді бала күннен бірге өскен досы Бисен Ратов.

Университет бітірген соң Ербол Ақмұратұлы Алматыға жол тартса, Бисен

Қойшыбайұлы «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмысқа тұрады.

– Арамыздағы шақырымдар достық көңілге кірбің түсіре қойған жоқ. Күні бүгінге дейін отбасымызбен өзара араласып, тумалас сияқты болып кеткеніміз, досымның ақ адал болмысынан деп білемін, – дейді Бисен Ратов.

Ербол Ақмұратұлы 2001-2004 жылдар аралығында Алматы Ақтөбе қалаларында орналасқан «SanDrilling» ЖШС логистика инженері, 2004-2006 жылдары Астана қаласындағы «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС бас менеджері, 2006 жылы ақпан айында «ҚазМұнайГаз» компаниясында әкімшілік тұрмыстық бөлімі инженері, 2006-2011 жылдар аралығында «КазМұнайТеңіз» АҚ бөлім басшысы, департамент директоры болып ел игілігі үшін жемісті қызмет атқарды.

2011-2014 жылдарда «Қазақстан Ұлттық Банк» әкімшілік сұрақтар жөнінде басқарушы директоры қызметін, 2016-2022 жылдар аралығында «КазТрансОйл» АҚ, «Қазақстан Қытай Құбыры» ЖШС департамент директоры, бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары қызметі сияқты жауапкершілігі мол лауазымдарда ерен еңбек етіп, ел экономикасының қарыштап дамуына сүбелі үлес қосты.

– Ербол үшін шешілмейтін мәселе, жауабы жоқ сұрақ болмайтын. Проблемамен келген адамның меселін ешқашан қайтарып көрген емес. Күлімдеп тұрып, кез келген мәселені біржақты етіп, нүктесін қоятын-ды. Енді Ерболдай аға, дос ешқашан табылмайтын шығар, – дейді әріптес, дос, бауырға айналған Әліби Култумиев.

Ерболмен «Қазақстан Қытай Құбыры» мекемесінде қатар қызмет атқарған Әлібидің айтуынша, қытайлармен келіссөз жүргізу кезінде дипломатия өнерінің жарқын үлгісін көрсетіп, күрмеуі қиын мәселелер түйінін қазақстандық тарап пайдасына шешкен көрінеді.

– Құлсары жақта өмірге келген мен шаңғы тебе алмаушы едім. Ербол мені қолымнан жетектеп апарып, шаңғы те-

буді үйретіп, өзі баулып, өз қолымен алғаш шаңғыға тұрғызғаны әлі күнге дейін көз алдымда, – дейді адал досын сағынышпен еске алған Ә. Култумиев.

«Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған?» деп хакім Абай жырламақшы, саналы ғұмырында тек жақсы сөз, ғибратты іс қалдырған азаматтың жүректерде мың жасары анық. Жылы сөздерін айтып, жаралы жанына ем іздеген достары мен ағайын-бауырының ізгі ниеті, тебірене еске алуы Ербол Ақмұратұлының пәнилік ғұмырының мәнді де сәнді болғандығынан хабар береді.

– Ербол үшін Ақтау мен Жаңаөзеннің алатын орны ерекше еді. Еліміздің ірі қалалары Астана мен Алматыда қызмет істеп жүрсе де, Маңғыстау үшін үнемі жаны ауырып, қал-қадірінше көмек қолын созатын еді. Отбасын қатты жақсы көретін. Кейін ауырып ем іздегенде жанынан артық көретін жары мен қос балапаны үшін Алладан жанына араша сұрап, дұға еткен болатын. Жүз жыл бұрын өмір сүрсе, сол заманның бахадүрі болатын нар тұлға еді ғой, – деп еске алады досы Данияр Мұхамед-Рахим.

Алар асуы алда қырықтың қырқасына шыққанда фәниден бақиға озған Ерболдың соңында зайыбы Айгүл мен ұлдары қалды.

– Адам ғұмыры мәні азамат қайтыс болғанда білінеді екен. Досым соңғы сапарға аттанғанда жылаған азаматтарды көріп, жүрегім езілді, – дейді Д.Мұхамед-Рахим.

Оның ғибратты ғұмыр жолы мен жарқын бейнесі тумаластар мен достарының жадында ұзақ сақталады. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін Ербол Ақмұратұлының жаны жәннатта болып, пейіштің төрінен орын алсын дейміз.



ЖАҚСЫ ЖАННЫҢ ЖАСАМПАЗ ТІРЛІГІ

Бұлды Мergenбаева компания құрдасы. Ол 1964 жылдың 15 қаңтарында Форт-Шевченко қаласында өмірге келді.

1982 жылы Киров атындағы орта мектепті бітірген Бұлды Аралбайқызы Жаңаөзенде тұратын ағасының үйіне келіп, Өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен жинақтау басқармасына жұмысқа орналасады.

Талапты жас жұмыста жүріп, «Алматы құрылыс және менеджмент» колледжінде сырттай экономика, бухгалтерлік бөлімін бітіріп шығады.

1985 жылы сәуір айында Серікбай Мergenбаевпен көңіл жарастырып, ел аузындағы «мұнайшылар қарашаңырағы» Қызылсай ауылының келіні атанды.

Ибалы да әдепті Бұлды ата-енесімен, үш қайынсіңлісімен бір шаңырақ астында тату-тәтті тірлік кешті. Отағасы Серікбай машинист болып жұмыс істейді.

Жас ерлі-зайыптылар 20 жыл бойы қатынап жұмыс істей жүріп, Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосады. Білекті сыбанып, жемісті еңбек ете жүріп, халық демографиясының өсуіне де зор үлес қосады. Балалардың сабағы, үйдің шаруасы...бәрін-бәрін қатар алып жүреді.

Қыстың суығына, жаздың ыстығына

қарамастан адал еңбек еткен Бұлды құрмет пен қошеметке лайық жан. Бүгінде қаламыздың «Бәйтерек» шағынауданында тұрып жатқан Бұлды Аралбайқызы тағдырына дән ырза. Аллаға шүкір, қызғалдақтай қыздары бой жетіп, білім алып, бір-бір үйдің түтінін түтетіп, бесік тербетіп отыр. Бала-келінінен өрбіген немерелері көз қуанышына айналып өсіп келеді. Сүткенжесі студент.

– Уақыт деген жүйрік екен. ӨТҚЖЖБ жұмыс істегеніме 40 жылдан асыпты. Еңбек ұжымына бауыр басып кеткенім сонша, өзімнің екінші отбасым деп есептеймін. Қазіргі уақытта қойма меңгерушісі болып жұмыс істеп жүрген мені бәрі сыйлайды. Анам марқұм «адам баласының ала жібін аттаушы болмаңдар. Бар болсаңдар да тасып кетпей, бетегеден биік, жусаннан аласа болып жүріңдер деп отырушы еді, – дейді Бұлды Мergenбаева.

Әр нәрсені асықпай, байыппен шешкен жөн санайтын жұмыскеріміз қолы қалт еткенде құрақ көрпе құрап, тоқыма тоқығанды жақсы көреді.

Жер бетіндегі жақсылық атаулының бәрі аналар пейілімен келеді емес пе?! Бұлды Аралбайқызы «еліміз тыныш, жұртымыз аман, мұнайымыз таусылмасын, ұрпағымыз аман болсын» деген игі тілегін жеткізді.

ШЕШЕ КӨРГЕН ТОН ПІШЕР...



Қазынашылық департаментінің білікті де тәжірибелі қызметкері Ләззат Кенешова тұлымшағы желбіреген 10 жасынан бастап қуыршақтарына көйлек тіге бастайды. Анасы үйде тігін мәшине-сімен түрлі зат тігіп отыратын-ды.

«Анаға қарап қыз өсер» демекші, Ләззаттың тігіншілікке ден қоюына шебер анасы Қадишаның ықпалы зор болды. Ол жастайынан киіз басып, құр тоқыған, он саусағынан өнер тамған шебер. Бүгінде өзіне, жақындарына үй көйлек тігіп береді.

Ләззат мектепте оқып жүргенде еңбек пәнінен беретін Әсия апайы ұйымдастырған шеберлік көрмелеріне қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрді. Ол тіккен алжапқыш, мулине жіппен тіккен кестелері көрме әрін ашып тұрушы еді.

Шебер келіншектің Толқын, Інжу атты балапандары қазірдің өзінде тоқыма тоқып, моншақты тізіп тігуге бейім-ақ. Тігін тігуден жаны жайланатын Ләззаттың болашақта шағын тігін цехын ашсам деген үлкен арманы бар.

Еңбекқор жанның әкесі Балғабай Кенешов №2 МГӨБ-те оператор болып, ал жан жары Талғат Жәңгірбаев аталған басқарманың Скважиналарды жерасты жөндеу операторы болып жемісті еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді.

Кіші келін Ләззат ана-енесімен бірге тұрады. Атасы Базарбай Жәңгірбаев ХжЭБ-те жүргізуші, енесі Гүлназия

Жәңгірбаева үй шаруасында. Алдияр балабақшаға кеткенде, үйдің еркесі 2 жасар Абдурахим әжесінің құзіретінде қалады.

– Әке-шешемдей болып кеткен атам мен енем өте жақсы адамдар. Түсінген адамға дастарханда бірге отырып ас ішудің өзі мол бақыт. Шаңырақта үйлесім болса, кез келген адам баласы өз жұмысын ынтамен атқарады, – дейді Ләззат Балғабайқызы.

Берік неке, берекелі отбасы кез келген қыз-келіншектің арманы. Парасат-пайымы толысқан, отбасы құндылығын сақтауға дегенде шегедей берік Ләззат сынды қазақ келіндері көп болсын!





АРМАНЫ АСҚАК, ТАЛАБЫ ТАУДАЙ ЖАСҰЛАН

Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасында оператор болып қызмет атқарып жүрген Мархат Асенбетқызының ұлы Жасұлан №5 гимназия мектебінің 6 «в»-сыныбында оқиды. Сабақты жақсы оқумен қатар спортты жанына серік еткен бала грек-рим күресі үйірмесіне қатысып, түрлі деңгейдегі жарыстарда топ жарып келеді.

– Марқұм әкем тірі болғанда менімен мақтанар еді деп ойлаймын. Болашақта халықаралық додаға қатысып, грек-рим күресінен жүлдегер атанып, елімнің атын әлемге паш етіп, көк туды желбіретіп, әнұранды ойнатып жатсам, арман не?! Жақындарымды, барша адам баласын өлімнен арашалап қалатын білікті де білімді хирург болғым келеді, – дейді арманшыл Жасұлан.

Еркіндеу, ойы азат жас орыс тілі пәнінен олимпиадаға қатысып, жақсы нәтижеге қол жеткізді. Атырау қаласында грек-рим күресінен өткен кіл мықтылар қатысқан жарыста жеңіске жетіп, жүлделі 3-орын иемденді. Қолы қалт еткенде сурет салғанды ұнататын кейіпкеріміз бар білгенін інісіне үйретуден еш шаршаған емес.

– Маған атақты суретшілердің картиналары қатты ұнайды. Олардың туындыларында бір сиқыр бар. Қарап отыра бергің келеді. Адамды ойландырады, – дейді жас дарын.

Жан-жақты, таудай талабы бар Жасұланға алға алшаң басып, жаңа жетістіктерге жете бер деген тілек айтамыз.





Мари Кондо жинақы өмірдің таңғажайып құпиясымен бөлісіп, жапонша үй жинау мен реттеу өнерін насихаттайды.

Әлем бестселлеріне айналған кітапты қолға алсаңыз, бірден «сүңгіп» кететініңіз анық.

1. Алдымен басы артық дүниелерден құтылыңыз.
2. Сену-сенбеу өз еркіңізде. Әйтсе де, үйіңізді жақсылып жинасаңыз өміріңіз өзгереді.
3. Үй жинау – адамның ойы мен өмірге деген көзқарасын өзгертеді.
4. Үйін реттей білген адам – шаруасы мен өткен-кеткенін реттей алады.
5. Үй мен кеңсені ешқашан қоқсытып-бықсытпаңыз.
6. Үйіңіз қыздың жиған жүгіндей жинақы тұрсын.
7. Жиһаз орнын ауыстырып, қоқыстан құтылған сәтте бөлме іші түрленіп сала береді.
8. Үй жинау артық заттардан құтылудан басталуға тиіс.
9. Шын мәнінде, біз үйімізде қанша дүние бар екенін білмейміз, сол себепті де артық заттар жинала береді.
10. Бөлмеңізде жүрегіңізге жақын заттар ғана болсын.
11. Үйіңізден бір тал қылшық табылмағаны ләзім.
12. Киімнің бәрін әбден тозғанша киіп

жүру міндет емес.

13. Қажеті жоқ заттардан құтылу – ысырап та, ұят та емес.

14. Кішігірім үй тазалау фестивалін ұйымдастырып тұрыңыз.

15. Гардеробыңыздағы киім санын азайтып, өзіңізге ұнайтын киімді қалдырған жөн.

16. Шұлығыңызға және колготкиңізге құрметпен қараңыз.

17. Колготкилеріңізді ешқашан, еш уақытта байламаңыз және шұлықтарыңызды домалап орамаңыз.

18. Құжаттарды ретке келтіруде ұстанатын негізгі қағида – бәрін қоқысқа тастау.

19. Жұрттың көбі үйінде қажеті жоқ ұсақ-түйек заттар сақтаулы тұрғанынан бейхабар.

20. Тартпада жатқан ұсақ тиын, шашқыстырғыш, өшіргіш, артық түймелер, қолсағат бөлшектері, батереялар (қуатталған немесе таусылып қалған), дәрі қалдықтары, бойтұмар, кілт баулар... айта берсек, бұл тізім жалғаса береді... бәрін қоқысқа тастаңыз.

21. Заттарыңызды ретке келтіру дегеніміз – өткен өміріңізді де ретке келтіру.

22. Артық заттардан құтылған адамның өмірі жарқын бола түседі.

23. Бөлме өсімдігімен амандасып, жапырақтарын сипаңыз.

24. Өз кеңістігі бар адам – бақытты адам. Әркімге жеке кеңістік керек.

25. Әдетте адамдар жаппай сатылым кезінде арзанға көп зат алғанды құп көреді. Бас тартыңыз!

26. Өмірімді жақсартамын деп жанталасқаннан гөрі артық дүниелермен қош айтысқан маңыздырақ екенін жете түсіну қажет.

27. Қоқысты тастағанда иықтан ауыр жүк түскендей жеңілейіп қаласыз.

28. Қуаныш сыйламайтын заттардан арылудың еш зияны жоқ.

29. Көбірек жаяу жүріңіз, пайдасыз тағамды азырақ жеңіз. Бұл әрекеттер арнайы диета ұстамай-ақ артық салмақтан арылуға көмектеседі.

30. Ең соңғысы: үйіңізді жинағанда ғана нағыз өмір басталады!



ОСЫДАН KEЙІН БАЙЫМАЙ ГӨР...

Бірінші қателік – көп ақша үлкен еңбекпен келеді.

Екінші қателік – ақша өмірдегі ең басты мәселе емес. Егер сіздің ақшаңыз болмаса, сіз ешкім де емессіз. Ақша көмегімен ғана сіз өзіңізге және жақындарыңызға қуаныш сыйлай аласыз. Бұл – өмір шындығы.

Үшінші қателік – ақша адамды бұзады. Барлық миллионерлер мен миллиардерлер бұзылып кетіп жатқан жоқ. Олар ақыл мен қабілет арқасында осындай дәрежеге жетті.

Төртінші қателік – бәрібір адал жолмен ақша таба алмайсың. Олай емес! Адал жолмен орасан зор дәулетке қол жеткізген адам жетерлік.

Бесінші қателік – айналамда кедейлер толып жүргенде бай болуға ұяламын. Бай болсаңыз, саяхаттай аласыз, өмір қызығын көресіз, туысқандарға көмектесесіз. Айналадағы адамдар кедей

болса, ақша табудың жолын білмеген өздерін кінәласын. Әркім өз тағдырының қожасы емес пе?!

Алтыншы қателік – егер артық ақша болса, оны «қара күнге» сақтап қою керек. Қолдағы ақшаны пайдалы іске салыңыз. Сонда ақшаңыз көбейген үстіне көбейе түседі. Әрі «қара күн» сізден алыстай түседі.

Жетінші қателік – кедей болып тұдым, кедей болып өлетін шығармын. Бұлай дейтіндер өзі үшін ешнәрсе жасағысы келмейтін жалқаулар. Шын мәнінде жер бетіндегі байдың көпшілігі кедей отбасынан шыққаны практика жүзінде дәлелденген.

Ескерту: қанша ақша табыс тапсаңыз да, ақшаға жарымайтыныңызды түсінбей жүрсіз. Ендеше, бері қараңыз. Бәріне кінәлі, сіздің ми қыртысыңызда орналасып алған ақша жөніндегі қатенаным-түсінігіңіз.





Ардақты әріптестер!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын дей отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс, өміріңізге береке тілейміз.

Әрқайсыңыз ерен еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына өлшеулі үлес қосып келесіз. Басшылық әрбіріңізді мұнай саласының майталман маманы ретінде өте жоғары бағалайды. Кәсібіңіздің жілігін шағып, майын ішіп, сол саланың шыңына шығып отырған тәжірибелі де білікті әрбіріңізді мақтан етеміз. Үлгі-өнеге тұтамыз.

Арайлап атқан әрбір таң шаңыраққа құт пен береке әкелсін. Тойыңа жұрт жиылсын, Көңілге нұр құйылсын, Дәл осындай мерей жас, Біздерге де бұйырсын, – демекші тойыңыз тойға ұласып, 100 деген әдемі жасқа жетіңіз, қадірлі әріптестер!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы





ЖҮЙКЕҢІЗДІ КҮТІҢІЗ

Қазақта «дауасыз дерт, жаусыз ер болмайды» деген сөз бар. Бойымыздағы бар ауруды қоздыратын жүйке. Жүйкең жұқарса, денедегі қан атқылап, ескі ауруларыңды оятады. Жүрегіңді шымшиды, деміктіреді, бүйрек-бауырыңды езгілейді.

Адамның жұлын-жүйкесінің қайғы-қасіретке төтеп бере алмауы жан азабын бөлісетін жақын жанның жоқтығынан болады. Жанға жаннан басқа шипа жоқ. «Жылы киім тәнді жылытады, жылы сөз жанды жылытады».

Шулы дүние, ақпараттар тасқыны, компьютер жайлаған әлем тоқ адамдардың да жүйкесімен ойнап жатыр. Айналамызда жүйкесі-жүн, жігері-құм пенделер де көп, жүрегімен емес, қарнымен арпалысып жүрген пенделер де баршылық.

Бүгінгі мынау астаң-кестең, аласапыран тіршілік бәрімізді шаршатты. Қажытты. Қаптап кеткен қантөгіс өлімге толы фильмдер, нашақорлық-есуас ғұмыр, жұрттың өлімге әбден етін үйретіп біткені сонша, өзіміз өмір сүріп жатқан осынау шым-шытырық, қайшылыққа толы әлем-жәлем тіршілікте өліктерге күле қарайтын күйге жеттік.

Шындығында адам дегенің ажалдан қорқып өмір сүруі керек қой. Қорқыныш адамды тәубаға келтіреді.

"Құдайдан қорықпағаннан қорық" дегенді мен емес, қазақ айтқан. Соңғы кезде психиаторлар көптеген адамның психикасында патологиялық ауытқу бар деп дабыл қағуда. Патология дегеніміз жалпақ тілмен айтқанда, әлдене-

нің ауытқып кетуі. Мидағы өзгеше бір жіптіктің теріс жалғануы...

Дамыған елдерде әр адам 6 ай сайын, психологпен кеңесетін көрінеді. Адамның ұзақ уақыт көз алмай, ағынды суға қарауы, лапылдап жанған отқа үңілуі, табиғат аясында жаяу қыдыруы – жүйкесін тыныштандырып, қалпына келуіне көмектеседі.

Бүгінгі заман адамдары күйректеу, ашушаң, жүйкесі әлсіз, терісі тарылып жүрген біреу. Жүйкені емдеудің басты құралы – сөз. Шалдардың "Жақсы сөз-жарым ырыс" дегені рас.

Жүйкеге түсетін жүк қадам аттасаңыз, мен мұңдалап алдыңыздан шығады. Соның бәрін айналып өту үшін мықты рух керек. Мың күн сынбаған шөлмек бірақ күнде сынады. Санаға сабырдың орнауы хакімдік белгісі.

Дүниедегі бар қасірет адам баласының бірін-бірі түсінбеушілігінде жатыр. Не нәрсені болмасын түсіну үшін жарық керек, ал жарық адам жүрегінде болмақ. Жүрегінде шамы жоқ адамға дүние үнемі қараңғы. Сіз бен Біз жүйкені босына тоздырмас үшін психологтар төмендегідей кеңес береді. Құлақ түріңіз.

- 1-қалыпты тамақтаныңыз;**
- 2-мезгілімен ұйықтаңыз;**
- 3-дене жаттығуларын жасаңыз;**
- 4-кішкентай жетістікке де қуана біліңіз;**
- 5-түкке тұрғысыз нәрсеге ашуланбаңыз.**

Міне, қарап тұрсаңыз қарапайым-ақ нәрсе. Ең бастысы, сабырлы болыңыз. Сабырлы болғаннан таяқ жеген ешкім жоқ.



ӨМІР АҒЫСЫ (ӘҢГІМЕ)

Екі кештің ортасында Бақытжамалдың бетіне қарап отырған жалғыз қызын ауылдың студент жігіті алып қашып кетті. «Жұрттың сөзі не керекке» сайып артынан қуғыншы болып шешесінің өзі барды.

– Оң мен солын толық танып үлгермеген, махаббатты ойын көретін 17 жасқа жаңа толған қыз. Әкесіз өскесін дегенін істеп, осы уақытқа дейін бетіне жел боп келмей, бұйырса оқуға түсіремін бе деп отыр едім...– деп біраз зат айтты. Құдалар илікпеді. Жарасқан екі жастың арасына түскеніңіз оғаш болды деп қайта өзін күстәналады.

Қызығы бір кездері тұлымшағы жел біреп, шашын екі жаққа өріп, секеңдеп ойнап, көбелек қуып, шаттанып айқайлап күліп, әкесінің мойнына асылып еркелейтін Алтын өз еркімен келгенін, жігітті сүйетінін айтқанда Бақытжамалдың басы тасқа тигендей мең-зең болып есеңгіреп қалды. Көзінен ыстық жас бұрқ ете түсті.

Емханада балалар дәрігері болып жұмыс істейтін ол Алтыннан көп үміт күтіп жүр еді. Архивтерде отырып шаң жұтып, ғылыми кітаптар жазумен айналысып жүрген тарихшы нақсүйері Әділет қызы мектепке баратын жылы жол апатынан қайтыс болды.

«Өмірімді қызыма арнаймын» деп жесір қалған Бақытжамал өз-өзіне серт етті. Жан дегенде жалғыз қызын болашақта қажет болады деп ағылшын тілі курсына, одан қалды биге, тіпті пианино үйірмесіне тасыды. Сенбі, жексенбі күндері уақыт тауып, Алтынымен кітапханаға баратын еді. Түнде ұйқыға жатарда қызына ертегі оқып беруді әдетке айналдырды. Ерке қыз ертегі тыңдап болмай ұйқыға жатпайтын еді. Ертегілер көбінесе «олар тату-тәтті ұзақ өмір сүріп, бір күнде өлді» деп аяқталады. «Мама, адамдар неге ұша алмайды екен?» – деп сұрақ қоюшы еді қияли қызы арасында.

Диванда шалқасынан жатқан келіншек алыста қалған балалық шағын есіне алды. Шақпақ қантты шетінен «қырт» еткізіп кертіп қойып, далада кешке дейін ойнайтын сол уақытты сағынып жүр.

Алакөңіл болған Бақытжамалдың біразға дейін ұйқысы келмеді. Түннің осындай ұзақтығын сезбепті. Резеңкеше созылып, бітер емес.

Ауруханада қыстыға жөтеліп, қан құсып жатқан шешесін есіне алды. «Ине жұтқан иттей имиіп өлетін болды-ау» деген енесінің сөзі жүрегіне садақ болып қадалғаны, арық, өңі қуқыл шешесіне «өлмеші» деп жалынғаны, сұп-суық денені құшақтап өксіп жылағаны есіне



түсіп, жүрегі ауырып кетті. Сол қақаған қыстағы ызғырық жел, ақтүтек боран, бүрсендеген халық дәл бүгінгідей көз алдында.

Жадау қызына тесіле қарап «сүтке жарымаған қатпа қозы сияқты шидей арық екен» деген балабақша күзетшісі есіне түсті.

Байын есіне түсірмекші болып еді. Өмірден озғанына 10 жыл болған сүйіктісі көзден таса болғасын көңілден де ұмыт бола бастапты. Жалған дүние деген осы...

Жалғыздық пен қараңғылық жүйкесіне тие бастады. Денсаулығына, қала берді психикасына жүк болар деп теледидар қосудан бас тартты. Дәрет алып, намаз оқып еді, кәдімгідей жеңілдеп қалды.

Қызы Алтын кеткелі мазасы болмай жүргесін таныс дәрігерге тексерілді.

– Денсаулығыңда еш кінәрат жоқ, аздап жүйкең жұқарған, қан қысымы мен жүрек соғысың қалыпты» деді жылышырай танытып.

– Біздің елдің жартысы жүйкесі жұқарғандар, жартысы псих...уайымдауға еш негіз жоқ, – деді қалжыңдап.

– Жұмыс десе өлермендігің бар, не болды ал, денсаулығыңды құртып босына. Аурудың тең жартысы нервтен. Жан күйзелісіне тап болғандар табалдырығымды тоздырып болды. Жан ау-

руына ем қонбайтынын өзің де жақсы білесің, – деп «лекция» оқып кетті.

Күздің желі күшіне еніп, терек жапырақтарын жұла бастады. Бақытжамал көшедегі қарбалас, ығы-жығы жүргіншілер арасына сіңіп кетті.

Кешкісін болар-болмас нәрсені әңгіме етіп, күліп отыратын көршісі Айсырға келді. Кешеден бері нәр татпағанын айтты. Бұл асүйге кіріп, шай қойды.

– Торт керемет дәмді, аузыңа салсаң еріп кетеді, – деді көршісі. – Дұрыс адамсың ғой. Саған ғана сеніп сырымды айтып отырмын. Топастау бет әлпетінде реніштің де, қуанудың да белгісі жоқ, не берсе де шылп-шылп байымнан әбден шаршадым. Не ойлап отырғанын түсінбейсің. Әлсіз, болбыр, ештеңеге жарамайды. Қырсық, өз айтқанынан қайтпайды. Керіс шығаруға күшім де, ынтам да болмады. Таңертең шабаданын жинап, есікті тарс жауып алдым, – деп шарасыздық танытты көрші қатын.

Осы кезде «тыңқ» етіп уотсабына қызынан фото келді. Үлбіреген қызы күйеуіне наздана, еркелей қарап қалыпты. Намаз оқитын күйеубаласының беті нұрланып тұр екен.

Өмір өз ағысымен алға жылжи беретінін ұққан Бақытжамал фотоға қарап отырып, еріксіз күлімсіреді.



ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

2023 ЖЫЛ

Жұлдыздар 2023 жылы бізге не уәде етеді? Атақты көріпкел, сарапшы Хаял Алекперовтің сөзіне сенетін болсақ, биыл кейбір жұлдыз белгілері кейбіреулері мансабына, өзгелері қарым-қатынасқа назар аударғаны жөн.



ТОҚТЫ

Тоқтылар жақындар кеңесіне құлақ асқаны жөн. Бұл сізге көптеген қателіктен аулақ жүруге көмектеседі. Жұмсалған күш-жігер ақыры өз жемісін беріп, айдың ортасында мансабыңызда оң өзгерістер орын алады.



ТОРПАҚ

Өзіңізге деген сенімді күшейтіңіз. Ішкі күмән мен өзін-өзі бағаламау – сәттілікке жетуге кедергі келтіреді. Жақындарыңызбен бұрыннан келе жатқан дау-дамай мен келіспеушілікке нүкте қойып, өзара ымыраға келесіз.



ЕГІЗДЕР

Аспан денелерінің орналасуы Егіздерді ішкі өзгерістерге итермелейді. Олар өз өміріне өзгеше қырынан қарай бастайды. Жұлдыздар созылмалы аурулар өршу ықтималдығы жоғары екенін ескерте отырып, денсаулыққа мұқият болуға кеңес береді.



ШАЯН

Шаяндар өз кәсіби саласында қиындыққа тап болуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін жұлдыздар қызықсыз және күнделікті тапсырмалар орындағанда, қателік жіберуде мұқият болуға кеңес береді. Жалғызбастыларға романтикалық тосын сый уәде етеді. Кездейсоқ танысу болуы әбден ықтимал.



АРЫСТАН

Арыстандар осы жылда дос болуға табандылық танытып жүргендерге аса мұқияттылық танытқаны абзал. Олар өз пайдасы үшін сізбен араласып жүруі мүмкін. Ерлі-зайыптылар қарым-қатынасында келіспеушілік оты тұтанып, шиеленіске ұласу қаупі бар. Ұстамдылық танытыңыз, отбасы берекесін келтіру – өз қолыңызда екенін ұмытпаған жөн.



БИКЕШ

Бикештерді қаржылық әл-ауқатының жақсаруымен қуантады. Қосымша табыс көзі пайда болуы мүмкін. Ас қорытуыңызға назар аударған жөн – асқазан-ішек жолында қиындықтар туындауы мүмкін.



ТАРАЗЫ

Қазіргі оқиғалар туралы қорытынды жасауға асықпау керек. Бір қарағанда жағымсыз кездейсоқтық болып көрінген нәрсе жақын арада тағдырдың жақсы бұрылысымен қуантуы мүмкін. Ерлі-зайыптылар арасында үйлесімділік, өзара жарасымдылық кезеңі орнайды. Жан серігіңізбен бірлесіп болашаққа арнап жасаған жоспарды талқылау уақыты келді.



САРЫШАЯН

Сарышаяндар үшін қоян жылы – маңызды сатып алуды жоспарлау үшін тиімсіз уақыт. Мұндай шешінен бас тартқаныңыз абзал. Кәсіби қызмет саласында жұлдыздар өз түйсігіне көбірек сенуге кеңес береді. Ол сізге армандаған жетістікке жету дұрыс жолын көрсетеді.



МЕРГЕН

Жұлдыздар Мергендерге күтпеген олжа уәде етеді. Қаражаттың шектеулі болуына байланысты ұзақ уақытқа кейінге қалдырған затты сатып алуыңыз мүмкін. Жалғызбастыларда романтикалық танысуларға толы болып, өміріңіз жаңа арнаға қарай бұрылады. Мүмкіндікті жіберіп алмаңыз.



ТАУЕШКІ

Тауешкілер үшін осы жыл – жаңа бастамалар бастауға қолайлы уақыт. Қалаған нәтижеге тез және оңай қол жеткізе аласыз. Ең бастысы бүгін қолыңыздан келетін нәрсені кейінге қалдырмаңыз. Өз денсаулығыңызға назар аударғаныңыз жөн – иммундық жүйеңіз әлсіреуі мүмкін.




СУҚҰЙҒЫШ

Суқұйғыштарға мансап төңірегінде жаңа белестер ашады. Бәлкім, осы жұлдыз белгі өкілдері бұрыннан армандаған кәсіби өсу немесе жобаға ие бола алады. Жұлдыздар сонымен қатар өзіңізге сенімсіздік туғызатын адамдардан аулақ болуға кеңес береді. Табыстың кілті сіздің жақсы ойыңыз бен мақсатқа жетуге деген табандылық екенін ұмытпаңыз.



БАЛЫҚТАР

Балықтар жолында белгілі бір кедергілер туындауы мүмкін. Мәнжайлар белгі өкілдерінің жоспарлары мен күткендеріне қайшы келуі ықтимал. Бірақ бұл қайғыға себеп болмауы керек. Жағдайды қабылдай алғаннан кейін, оқиғалар сіз күткеннен де жақсы дамиды.





Автор орташа табысы бар қарапайым отбасыда өскен, ал қазір Time болжамы бойынша жер шарының 100 ықпалды адамының және Forbes болжамы бойынша әлемнің 100 бай адамының тізіміне енген.

26 жасында Bridgewater Associates фирмасы негізін қалап, 40 жыл бойы Америка құрама штатындағы маңыздылығы жоғары бес жеке компанияның бірі болды. Рэй Далионың табысты болуы құпиясы – өмірі мен жұмысында жеңіс пен жеңіліс заңдылықтарынан тұратын әмбебап қағидаларды ұстануында.


Бұл кітаптан америкалық миллиардердің өмірі мен жұмысына қатысты барлық ережені табасыз. Толық оқып шыққаннан кейін өміріңізде өзгерістер орын алуы әбден мүмкін.

КИНО АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

30, 40, 50 ЖАСТАН КЕЙІН КӘСІП АУЫСТЫРУҒА КЕШ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ БА?

Бір күні Роберт Де Ниро сомдайтын 70 жастағы басты кейіпкер сәнді киім-кешек сататын интернет-дүкенге жұмысқа орналасуға шешім қабылдайды.

Жаңа қызметкер бүкіл ұжым мен компания талантты жетекшісіне ерекше әсер етеді.



SHIYAR SARAIY



 OZEN

WWW.OZEN.KZ